

"Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің импортты лицензиялау ережесі туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 15 ақпан N 162

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің импортты лицензиялау ережесі туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің импортты лицензиялау ережесі туралы хаттаманы бекіту туралы**

2000 жылғы 30 қарашада Минск қаласында жасалған Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің импортты лицензиялау ережесі туралы хаттама бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің импортты лицензиялау Ережесі туралы**

**ХАТТАМА**

Ресми куәландырылған мәтін

Бұдан әрі - тараптар деп аталатын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері,

еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісім және еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге тараптар мемлекеттерінің кедендей аумағында еркін сауда режимін қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1999 жылғы 2 сәуірдегі хаттама бойынша өздерінің міндеттерін орындау мақсатында,

еркін сауда аймағының тиімді жұмыс істейі үшін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық

заңнамаларын жақындастыруға ұмтыла отырып, тауарлар импортын лицензиялау рәсімдерін тиімсіз пайдалану өзара сауданың дамуын тежеуі мүмкін екендігін м о й ы н д а й

ке л і п ,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

### Қолданылу аясы

Осы хаттамамен белгіленген импортты лицензиялау ережесі Тараптардың бірінің кедендей аумағында жүргізілетін және басқа Тараптардың кедендей аумақтары үшін арналған тауарлар импортына байланысты туындайтын өзара қатынастарды реттейді.

Тараптар мемлекеттерінің кедендей аумағы олардың ұлттық заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

## 2-бап

### Жалпы ережелер

1. Осы Хаттаманың мақсаты үшін өтініштің және/немесе лицензияны ресімдеуге қажетті өзге құжаттардың негізінде тауарлардың белгілі бір түрлерінің импортына тараптың уәкілетті мемлекетті органының лицензия беруін көздейтін, сыртқы сауда қызметтің реттейтін әкімшілік шара ретінде белгіленеді.

2. Тараптардың әрқайсысы импортты лицензиялаудың ережесін, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат ұлттық ресми басылымдарда жариялады және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитетіне х а б а р л а й д ы .

Ресми жарияланым ұлттық заңнамамен және әрбір Тараптың мемлекетінің халықаралық міндеттерімен белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

3. Лицензия беру туралы өтініш нысаны және оны берудің тәртібі туралы мүмкіндігінше оңайлатылуы және ұлттық заңнаманың талаптарына және импорттаушы тарапты мемлекетінің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес болуы тиіс.

Лицензия беру туралы өтініш жасаған кезде импорттаушы тараптың мемлекеттік органы лицензияны ұлттық заңнамаға және импорттаушы Тарапты мемлекетінің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес тиісінше ресімдеуге қажетті құжаттар мен ақпаратты талап етте алады .

4. Осы Хаттаманың шарттары Тараптардан мемлекеттерінің ұлттық мұдделеріне қайши келетін немесе коммерциялық құпияны сақтауға шаруашылық жүргізуінің субъектілердің заңды құқықтарын бұзатын жасырын ақпаратты жария етуді талап етпейді.

### **3-бап**

#### **Тауарлар импортын автоматты лицензиялау**

1. Тауарлар импортын автоматты лицензиялау Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумағында тауарлар импортына сандық шектеу немесе рұқсат беру тәртібін енгізу мақсаттарын көздемейтін, сыртқы сауда саясатын реттеудің әкімшілік шарасы болып табылады.

Тауарлар импортын автоматты лицензиялау міндетті сипатқа ие және келген жағдайда жүзеге асырылады. Өтініш және/немесе белгіленген тәртіппен мүдделі шаруашылық субъекті ұсынған өзге де құжаттар лицензия алу үшін негіз болып табылады.

2. Тауарлар импортын автоматты лицензиялау мынадай қағидаттарды сақтаған кезде жүзеге асырылады:

а) лицензияланатын тауарлардың импортын шектемеу үшін тауарлар импортына лицензия алудың рәсімі барынша оңайлатуы тиіс;

б) тауарлар импортына лицензия беру туралы өтініш және/немесе өзге де қажетті құжаттарды тапсырган және импорттаушы Тараптың нормативтік-құқықтық кесімдерімен көзделген барлық ресмиліктерді орындаған Тараптардың барлық шаруашылық жүргізуши субъектілері меншік нысанына қарамастан осындай лицензияны алуға тең құқыққа ие болады;

в) лицензия беру туралы өтінішті және/немесе өзге қажетті құжаттарды тауарларды кедендік ресімдеуге дейін кез келген жұмыс күні беруге болады;

г) лицензия барынша кідіртпестен беріледі, бұл ретте беру мерзімі өтінішті және/немесе белгіленген талаптарға жауап беретін өзге қажетті құжаттарды алған күннен бастағанда 15 жұмыс күннен аспауы тиіс.

3. Тауарлар импорттауын автоматты лицензиялау әзір оның енгізілуіне себепші болған жағдайлар сақталғанға дейін қолданылатын уақытша шара болып табылады.

### **4-бап**

#### **Сандық шектеулер немесе рұқсат беру тәртібін белгілеу мақсатында тауарлар импортын лицензиялау**

1. Сандық шектеулер немесе рұқсат беру тәртібін белгілеу кезінде импортты лицензиялау Тараптардың кедендік аумақтарына тауарлар импортының белгілі бір түріне сандық шектеу немесе рұқсат беру тәртібін белгілеу жағдайында қолданылатын, сыртқы экономикалық қызыметті әкімшілік реттеу шарасы болып табылады.

Сандық шектеулер немесе рұқсат беру тәртібін белгілеу кезінде лицензиялаудың рәсімі осы Хаттаманың 2 бабына, сондай-ақ осы баптың 2-9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады және ол енгізіліп отырган мақсатына баламалы болуы тиіс.

2. Импорты сандық шектеуді көзdemейтін лицензиялауды көзdemейтін жағдайында Тараптарға мұндай лицензиялау енгізудің себебін түсіндіретін ақпарат берілуі тиіс.

3. Белгілі бір тауармен сауда жасауға мүдделі Тараптың сұрауы бойынша сұрау жасалған

Т а р а п ;

импортты шектеудің қолданылуына;

импортталатын тауарлардың көрсету арқылы лицензиялардың санына; тараптар мемлекеттерінен импортталатын, лицензияланатын тауардың құны және/немесе көлемі туралы статистикалық деректерге қатысты ақпарат береді.

4. Сандық шектеуді белгілеу мақсатында тауарлар импортын лицензиялауды қолданатын Тарап тауарлардың санын және/немесе құнын белгілейтін квоталардың жалпы мөлшерін, квоталардың қолданылуы басталатын және аяқталатын күнін және олардың кез-келген өзгерістерін осы Хаттаманың 2-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімдерде жариялады.

5. Квоталарды экспорттаушы мемлекеттердің арасында бөлгөн жағдайда импорттық-сандық шектеуді қолданатын Тарап белгіленген квотадағы экспорттаушы мемлекеттердің үлесі туралы басқа мүдделі Тараптарға жедел хабарлайды және осы ақпаратты осы Хаттаманы 2-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімдерде жариялады.

6. Тараптардың импорттаушы Тараптың нормативтік-құқықтық кесімдерімен белгіленген талаптарды орындайтын шаруашылық жүргізуі субъектілері меншік нысанына қарамастан лицензия беру туралы өтініш жасауға және осы өтініштің қаралуына тең құқыққа ие болады. Егер лицензия берілмесе, онда өтініш беруге оның себебі хабарланады. Өтініш берушінің импорттаушы тараптың ұлттық мемлекетінің заңнамасына сәйкес мұндай шешімге шағымдануына немесе қайта қаратуына құқығы бар.

7. Егер өтініштер түсу тәртібімен қаралатын болса, онда өтінішті қараудың мерзімі өтінішті алған күннен есептегенде 30 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Егер барлық өтініштер бір мезгілде қаралатын болса, онда өтініштерді қараудың мерзімі өтініштер қабылдаудың жарияланған мерзімінің аяқталған күннен есептегенде

60 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

8. Лицензияның қолданылу мерзімі импорт күтпеген қысқа мерзімді қажеттілерді қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын ерекше жағдайларды есептемегенде импортқа, соның ішінде импортқа алыстатылған көздерден жасалатындарына кедергі жасамауға жеткілікті болуы тиіс.

9. Квоталарды бөлгөн кезде лицензияда экспорттаушы мемлекет көрсетіледі. Мұндай бөлу болмаған жағдайда лицензиялардың иелері импорт көздерін еркін таңдай алады.

## **5-бап**

### **Тараптардың осы Хаттаманы орындау жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіретін орган**

Осы Хаттаманың орындалу барысын бақылауды және оның орындалуына қатысты кез-келген мәселелер бойынша консультациялар жүргізуді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитеттері жүзеге асырады.

## **6-бап**

### **Хабарландырулар**

1. Лицензиялау рәсімін белгілейтін осы рәсімге өзгерістер енгізетін Тараптар бұл туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының комитетіне тиісті ақпарат жарияланған күннен бастап 60 күннің ішінде хабарлайды.

2. Тауарлар импортын лицензиялаудың ережесі туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

автоматты лицензиялауға не сандық шектеулер немесе рұқсат беру тәртібін белгілеу мақсатында лицензиялауға жататын тауарлардың тізбесі;

өтінішті және/немесе өзге де қажетті құжаттарды, сондай-ақ лицензиялау ережесі туралы ақпаратты тапсыратын уәкілетті мемлекеттік органның атауы;

тауарлар импортын лицензиялаудың ережесі жарияланатын ұлттық ресми басылымдардың атауы және жарияланған күні;

тауарлар импортын лицензиялауды енгізуудің мақсаты;

лицензиялауды қолданудың болжамды мерзімі.

3. Лицензиялау ережесіне өзгерістер енгізу туралы хабарландырулар осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді қамтуы тиіс.

4. Тараптар осы Хаттаманы 2-бабының 2-тармағында көзделген ақпаратты қамтитын ұлттық ресми басылымдар туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитетіне хабарлайды.

5. Тараптар осы Хаттаманаға қатысты мәселелер жөніндегі заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық кесімдердің өзгеруі және олардың қолданылуы туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитетін хабардар етеді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитеті алынған ақпаратты жүйеге келтіреді және оны Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге жеткізеді.

## **7-бап**

### **Осы Хаттаманың орындалуы**

1. Тараптар осы Хаттаманың күшіне енген күннен бастағанда 12 айдың ішінде:  
осы Хаттаманы іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдайды;  
осы Хаттаманың 6-бабының 2-тармағына сәйкес лицензиялаудың қолданылатын  
режимдерін көрсете отырып лицензия алатын тауарлардың тізбесін Тәуелсіз  
Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитетіне жібереді.
2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитеті Тараптарға тауарлар  
импортына қатысты мәселелер жөнінде ақпарат алуға жәрдем көрсетеді.

## 8-бап

### Қорытынды ережелер

1. Осы Хаттама бекітуге жатады және депозитариге үш бекіту грамотасын өткізген  
күннен бастап күшіне енеді. Оны кешірек бекіткен Тараптардың мемлекеттері үшін  
олардың депозитариге өздерінің бекіту грамоталарын тапсырған күннен бастап  
кушіне енеді.
2. Тараптардың жалпы келісімімен осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілуі мүмкін, олар осы Хаттаманың күшіне енүі үшін ресімге сәйкес жеке  
Хаттамалар мен ресімделеді.
3. Осы Хаттаманы қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер  
консультациялар жолымен шешіледі.
4. Осы Хаттама оның күшіне енген күнінен бастап 5 жыл бойы қолданылады. Егер  
Тараптар өзге шешім қабылдамаса, осы мерзім аяқталғанда осы Хаттама әрбір ретте  
келесі 5 жыл кезеңге автоматты түрде ұзартылады.
5. Тараптардың кез-келгені осы Хаттамаға сәйкес туындаған өзінің міндеттемелерін  
алдын-ала реттей отырып, өзінің ой-ниеті туралы шығудан кем дегенде 6 ай бұрын  
депозитариге жазбаша хабарландыру жіберу арқылы осы Хаттамадан шыға алады.
6. Осы Хаттама мұндай қосылу туралы тиісті құжаттарды беру жолымен оның  
ережесін мойындайтын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.
7. Осы Хаттама ескертулерге жол бермейді.

2000 жылғы 30 қарашада Минск қаласында орыс тілінде бір тұпнұсқалық данада  
жасалды. Тұпнұсқалық дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы атқарушы комитетінде  
сақталады, ол осы шешімге қол қойған әрбір мемлекетке куәландырылған көшірмесін  
жібереді.

Әзіrbайжан Республикасының  
Үкіметі үшін Армян Республикасының  
Үкіметі үшін Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының  
Ресей Федерациясының  
Тәжікстан Республикасының

*Грузия Үкіметі үшін*

*Түркіменстан Республикасы үшін*

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Қыргыз Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Өзбекстан Республикасының*

*Украина Республикасының*

Минск-30.11.2000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК